«Бекітемін»
«Сұлтан» жеке бөлімшесінің меңгерушісі
Г.К.Бисенгалиева

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025- 2026 оқу жылына арналған

ұйымдастырылған іс-әрекеттің циклограммасы

Тәрбиешілер: Е.К.Мергенова
А.Ө.Жакыпкалиева

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Сұлтан» жеке балабақшасы
Топ: «Ақниет» мектепалды тобы
Бала жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 02.09 - 05.09.2025ж.
Тәрбиешілер: Мергенова Е.К, Жакыпкалиева А.Ө

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	**Аптаның дәйексөзі. Білім – теңіз, түбі де, шегі де жоқ. (Жүсіп Баласағұн)** Қабылдау: балаларды тексеру, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Музыка* **Өнегелі 15 минут «Күй күмбірі» «Адай» Күймен балаларды қарсы алу. «Адал азамат» біртұтас тәрбие**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)		1 қыркүйек - Білім күні «Балабақша - жайлы мекен» «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Мақсат - міндеттер. Балаларды патриоттық	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекетіне арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттері. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік	Қазақстан халқы тілдері күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: асхана бойынша кезекшілік. Мақсат-міндеттері. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал	"Ұлттық сезім" күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп. (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауды үйрету: шкафты киім мен

		тәрбиені қалыптастырады. (музыка) «Өнегелі тәрбие» Еңбек: алаңды қоқыстан тазарту. Мақсат-міндеттері. Алаңда тәртіп пен тазалық сақтауға, еңбекке жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуды үйрету. (танымдық іс-әрекет, қазақ тілі, еңбек іс-әрекеті) Дидактикалық ойын: «Менің балабақшам» Міндеттер: Балабақшамен танысады. Балабақшаға саяхат жасайды. Қызметкерлермен танысады. (қарым-қатынас, таныс іс-әрекеті)	орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтау кезінде тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін шын ниетпен еңбектенуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) «Ұшқыр ой алаңы» жобасы «Тілім менің тірегім» Қабылан Боранбаев «Тіл».	аяққиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Құрастыру ойыны. "Текшелер". Балалар текшелерден балабақшаны құрастырады. (құрастыру) Дамытушы жаттығу. "Көзді жұмып тұрып, тепе-теңдікті сақтау". Мақсат-міндеттері. Балаларға көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибулярлық аппаратты, түйсік қабілетін дамыту.

Ертеңгілік жаттығу	Қыркүйек айына таңертеңгі жаттығу кешені (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Музыка* Дене тәрбиесі*				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Қазақ тілі*				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		«Тәрбиеші» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Кемпірқосақ" ойыны. Мақсат-міндеттері. Ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар ортаға шығып, түстердің атауларын атайды. Бір бала қарамай тұрып, қайсы қандай түс екенін қазақ тілінде айтып береді. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Туған тілім - тұғырым" атты салтанатты жиын ұйымдастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Тым-тырақай" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың шапшаңдық, зеректік, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. (дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)
Ұйымдастырылған іс-әрекет		Сауат ашу негіздері "Буынға бөлейік" Мақсат-міндеттері. Балаларға сөз бен буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөлуді үйрету. Сөзде неше дауысты дыбыс	Математика негіздері "Мен отбасымда нешіншімін?" Мақсат-міндеттері. Балаларға реттік сан есімдер туралы ұғымдарын	Математика негіздері "Мен отбасымда нешіншімін?" пысықтау. Мақсат-міндеттері. Балаларға реттік сан есімдер	Сауат ашу негіздері "Дыбыс және әріп" Міндеттер: Балаларға сөздің құрылымын, әріптер мен дыбыстардың ерекшелігін ажыратуды үйрету. Сөздік қорын, ауызекі сөйлеу тілін

		болса, сонша буын болатынын үйрету. Математика негізі "Мен және менің достарым". Мақсат-міндеттері. Балаларды сандар жолағымен таныстыру, алты саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру; "бір" цифрымен таныстыру. Музыка "Білімің - бұлағың" Мақсат-міндеттері. Балаларға күйді тыңдай отырып, сыр-сипатын ажырата білуді үйрету.	жандандыру; тура және кері санаудың негіздерін қалыптастыру. Қазақ тілі Дыбыстар мен әріптер. Мақсат-міндеттері. Балалармен бірге сауат ашу әлеміне саяхат жасау арқылы дыбыстар мен әріптер туралы түсінік беру, оларды бір-бірінен айыра білуді үйрету және дыбыстау арқылы әріптерді айтқыза отырып, әріп сырын ұғындыру. Балаларға сөйлем туралы түсінік беру. Жазуға қолдарын	туралы ұғымдарын жандандыру; тура және кері санаудың негіздерін қалыптастыруды пысықтау. Тілді дамыту "Біздің балабақша тақырыбында әңгімелесу" пысықтау. Мақсат-міндеттері. "Біздің балабақша" тақырыбында әңгімелесу, балабақша және балабақшадағы күн тәртібі, күнделікті әдептілік ережелері туралы ұғымдар	дамыту. Адамгершілік қасиеттерін дамыту, еңбекке баулу. Дене тәрбиесі "Тақтайшаның үстімен адымдап жүру". Мақсат-міндеттері. Балаларға тақтайшаның үстінен аяқтың ұшымен және өкшемен адымдап жүруді үйрету. Көркем әдебиет "Ш. Шаяхметов «Білімің - бұлағың» (өлеңімен танысу)" Мақсат-міндеттері. Балабақшаға, мектепке барған балалардың қуанышты сәттерін әңгімелеу. «Білімің – бұлағың» өлеңін оқу, балаларға үйрету, сөздердің мағыналарын түсіндіру. Сурет салу

		Тілді дамыту "Біздің балабақша тақырыбында әңгімелесу". Мақсат-міндеттері. "Біздің балабақша" тақырыбында әңгімелесу, балабақша және балабақшадағы күн тәртібі, күнделікті әдептілік ережелері туралы ұғымдар қалыптастыру.	жаттықтыру, қаламмен жазуды үйрету. Балаларды балабақшаның тыныс-тіршілігімен таныстыру. Сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы сұрақтарға толық жауап беруді үйрету. Баланың зейінін арттыру, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту; ұғымталдыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Дене тәрбиесі "Допты тез лақтырамыз". Міндеттері. Балаларды сапта бір қатарда тұру және жүру; шашырап жүгіру дағдыларын	қалыптастыруды пысықтау. Музыка "Оқу - білім азығы" Балаларды күйді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуені мен ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын және дыбысты есту қабілетін жетілдіруді пысықтау. Қоршаған әлеммен танысу	"Гүл бағымызда өскен аққекірелер". Мақсат-міндеттері. Балаларды серуен кезіндегі бақылаудан кейін және елестету нәтижесінде қылқалам мен гуашь (акварель) бояулары арқылы аққекірелердің қарапайым сұлбаларын салуды үйрету. Мүсіндеу "Аққекіре гүлі" Мақсат-міндеттері: ермексаздан аққекіре гүлін мүсіндеуге үйрету; гүл бөліктерін біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыру "Гүлдер алаңы" Мақсат-міндеттері: қағаздан гүл бөлшектерін қиып, аққекіре гүлін жапсыруға үйрету;

			қалыптастыруды жалғастыру; қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыруды үйрету. Көркем әдебиет "Ш. Шаяхметов «Білімің - бұлағың» (өлеңімен танысу)" Мақсат-міндеттері. Балабақшаға, мектепке барған балалардың қуанышты сәттерін әңгімелеу. «Білімің – бұлағың» өлеңін оқу, балаларға үйрету, сөздердің мағыналарын түсіндіру.	"Балабақша қызметкерлерінің еңбегі". Мақсат-міндеттері. Балалардың балабақшада қызмет ететін әр мамандық иелері жайлы түсініктерін бекіту, меңгерушінің қызметі туралы мәлімет беру; үйлесімді қарым-қатынас жасау, еске сақтау қабілеттерін дамыту.	ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын дамыту. Құрастыру "Гүлзар" Мақсат-міндеттері: құрылыс және қағаз материалдарынан гүлзар құрастыруға үйрету; шығармашылық қиялын дамыту.

Серуенге дайындық	Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау

Серуен	Картотека №2 1.Күзгі ағаштарды бақылау Қ.о. «Кім жылдам?» Міндеттері: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Еркін ойын.	Картотека №3 Құстарды бақылау Қ.о. «Ұшты-ұшты» Міндеттері: Балалардың зейінін, жылдам ойлау қабілетін дамыту. Еркін ойын.	Картотека №4 Желді бақылау Қ.о. «Жалаушаға тез жет» Міндеттері: Балаларды жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Еркін ойын.	Картотека №5 Бұлттарды бақылау Қ.о. «Күн мен жаңбыр» Міндеттері: Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, ептілікке баулу. Еркін ойын.	Картотека №6 Ауладағы жапырақтарды бақылау Қ.о. «Өз түсіңді тап» Міндеттері: Түстерді ажыратуға үйрету, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Еркін ойын.
Серуеннен оралу	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету				
Түскі ас	Математика негіздері –коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (кезекшілердің әрекеті) Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі. Қазақ тілі*				
Күндізгі ұйқы	Қоршаған әлеммен таныстыру – танымдық әрекет: түймелерін, киімдегі ілгектерді өз бетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу. Музыка*				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Музыка – шығармашылық әрекет:балаларды музыкамен біртіндеп ұйқыдан ояту. Қоршаған әлеммен таныстыру – еңбек, танымдық әрекеттер: реттілікпен өзбетінше киіну, түймелерін салу, аяқ киімді дұрыс кию, қыздардың шашын тарау, өру. Музыка* Дене тәрбиесі*				
Бесін ас	Ас адамның арқауы. Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өздері отырып тұру тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу майлықты қолдану керектігін еске түсіру тамақ ішер алдында балалар бір біріне астың дәмді болуын тілеп тамақтан соң алғыс айтулары керек екенін айту. Қазақ тілі*				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу	"Не естігеніңді айт?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жауаптарда толық	Балаларға поэзия оқу. Мұзафар Әлімбаев «Біздің балабақшада». Балабақша есігін	"Баскетбол" ойыны. Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі	Дидактикалық ойын. "Ғажайып дорба". Мақсат-міндеттері.	Дидактикалық ойын. "Ғажайып дорба". Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар туралы ұғымдарын

әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	сөйлемдерді қолдануды үйрету; сөздік қорын молайту, еске сақтау қабілеттерін дамыту. Ойын барысы. Педагог балаларға көздерін жауып, дыбыстарды мұқият тыңдауларын (құстардың дауысы, мәшинеңің сигналы, әңгімелескен адамдардың дауыстары және тағы басқа) және нені естігендерін анықтауларын өтінеді. Балалар толық сөйлеммен жауап берулерін талап ету керек. Ең көп сөзді айтқан бала, ойын жеңімпазы болып саналады.	Үшке тола ашқанбыз, Балапандай өсіріп, Мәпелейді бақшамыз. Бұл – екінші үйіміз, Бір туғанбыз бәріміз. Біз – осы үйдің гүліміз, Біз – осы үйдің сәніміз. Бұл – құшағы тым ыстық Мектебіміз бастапқы! Мұнда жақын туыстық, Бұнда тұңғыш дос таптық! (қарым-қатынас іс-әрекеті) "Сүйікті кітаптардың кейіпкерлерімен бірге саяхат"	қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру. (дене тәрбиесі) Балабақшадағы компьютерлер Балабақашадағы компьютерлерді қосып, таныстыру. QR ертегілердің қосуға арналған құралдармен таныстыру. «Күй күмбірі» «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» "Алтыатар ойыны". Көндегі кенейлердің бір шетіне түпте қалған (сақасы шықпаған)баланың	Балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау; байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту. Құралдар. Дорба, әртүрлі ойыншықтар мен заттар. Шарты. Балалардың алдына шыққан ойыншы қолын дорбаға салып, затты ұстап, сипап тануға тырысуы; көрген заттың қандай материалдан жасалғаны, адамға қажеті туралы баяндау. (танымдық іс-әрекет, қарым-	тиянақтау; байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту. Құралдар. Дорба, әртүрлі ойыншықтар мен заттар. Шарты. Балалардың алдына шыққан ойыншы қолын дорбаға салып, затты ұстап, сипап тануға тырысуы; көрген заттың қандай материалдан жасалғаны, адамға қажеті туралы баяндау. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі) Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойыншықтар

	BilimKids дамытушы мультфильмді қосу. Мақсат-міндеттер: Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Сюжетті-рөлдік ойын "Балабақша". Мақсат-міндеттері. Балалардың балабақша және онда жұмыс істейтін мамандардың негізгі қызметі жайындағы жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құру қабілеттерін дамыту. Құралдар.	сюжетті-рөлдік ойын. Мақсат-міндеттері. Балалар жазушыларына қызығушылықтарын ояту. Ертегі кейіпкерінің рөлін қабылдау қабілетін дамыту. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)	сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (суданшығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана сонікі болып табылады. Ату саны ─ 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте	қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі) Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойыншықтар жайындағы білімдерін нығайту, шығармашылықпен ойлану, нәтижелі қарым-қатынастар жасай білу қабілеттерін дамыту, заттардың қасиеттеріне	жайындағы білімдерін нығайту, шығармашылықпен ойлану, нәтижелі қарым-қатынастар жасай білу қабілеттерін дамыту, заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері алынбалы пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосын сый ойыншықтар). Шарты. Балалар өз қалаулары бойынша немесе топтастардың көрсетуімен шеберлердің рөлін ойнайтын балаларды тағайындайды.

	Балабақшада жұмыс істейтін мейірбике, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз, аула тазалаушысына қажетті құралдар. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)		қалған баланікі болып есептеледі. (дене шынықтыру)	қызығушылықтарын арттыру. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)	Олар үшін педагог белгілі бір бұрышты ұйымдастырып, әдемі безендіріп қояды. Ойыншы балалар сынық ойыншықтарын шеберлерге көрсетеді, шеберлер сынық ойыншықты зерттеп, жөндеп береді. Ойыншылар шеберлерге жұмысының ақысын төлейді. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)
Балалармен жеке жұмыс	Абай Айназ Абдухами Ернур Жаңылтпаш. Тақпақ жаттап, Айтсақ жақсы-ақ. Жатта тақпақ, Жатта тақ-тақ. (қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Азамат Ұлықбек Алтынбек Абдуғаппар "Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Сөздік қорларын ойыншық атауларымен	Бекмұханбет Дария Берікқали Медина Нұрболат Нұриман Серік Айсұлтан Артикуляциялық жаттығу. Ін-ін-ін-ін, Егілді егін. Ай-ай-ай-ай, Жайқалды бидай.	Берікқали Мадина Болат Әмина Егізбай Әмина Жақсылық Айару Туған тіл туралы мақал-мәтелдерді жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Нурхатов Нуралы"Менің әжем" тақырыбында әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Баланың сөздік қорын туыстық атауларды білдіретін жаңа сөздермен толықтыру. (қарым-қатынас іс-

		толықтыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қазақ тілі)	Ек-ек-ек-ек, Сіңірдік көп еңбек (қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)		әрекеті, танымдық іс-әрекет, қазақ тілі)
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, дене тәрбиесі)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Шығармашылық дағдыларды дамытуға арналған ойындар.** Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Міндеттер. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Өнер бұрышында білім тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** Міндеттер. Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу.				
Балалардың үйіне қайтуы	Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау. «Балабақша ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарына әңгіме жүргізу.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Сұлтан» жеке балабақшасы
Топ: «Ақниет» мектепалды тобы
Бала жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 08.09 - 12.09.2025ж.
Тәрбиешілер: Мергенова Е.К, Жакыпкалиева А.Ө

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	**Аптаның дәйексөзі. Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап. (Абай Құнанбаев)** Қабылдау: балаларды тексеру, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Музыка* **Өнегелі 15 минут «Күй күмбірі» «Бауырым» (Қаршыға Ахмедияров)** https://kitap.kz/music/2/qarshyha-axmediyarov-kujler-iii **«Адал азамат» біртұтас тәрбие**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. «Бала тәрбиесі - ортақ іс» ата-аналарға кеңес беру				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне арналған жабдықтармен материалдарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттері. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім	"Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жарық пен ылғалға қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді,	"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуді, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету,	"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын	"Ойыншықтарды тәртіпке келтіру". Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және

	беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуды үйрету. **(танымдық іс-әрекет, қазақ тілі, еңбек іс-әрекеті)**	көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатынын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Айналадағы табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық танытуға тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**	оларды дымқыл шүберекпен сүртіп, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынтаны, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)**	құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)**	орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс істегенде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Ертеңгілік жаттығу	Қыркүйек айына таңертеңгі жаттығу кешені (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Музыка* Дене тәрбиесі*				
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Арпа-бидай ас екен, Алтын-күміс тас екен. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Аналар мектебі": Балалар кітапханасы: отбасы туралы мақал-мәтелдер оқу, жеті ата туралы мәліметтермен бөлісу. «Өнегелі»: Эмоциялар мен сезімдер. Тақырыбы: «Мен өзімді қалай сезінемін?» Мақсаты: балаларға өз эмоцияларын анықтауды және білдіруді үйрету.

| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**
"Буынға бөлейік"
Мақсат-міндеттері. Балаларға сөз бен буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөлуді үйрету. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын үйрету.

Қазақ тілі
"Балабақшамен танысу. Ойыншықтар әлемі".
Мақсат-міндеттері. Тәрбиеленушілерді амандасу және қоштасу кезінде айтылатын сөз тіркестерімен | **Сауат ашу негіздері**
"Буынға бөлейік, пысықтау"
Мақсат-міндеттері. Балаларға сөз бен буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөлуді үйрету. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын пысықтау.

Математика негіздері
"Мен және менің достарым".
Мақсат-міндеттері. Балаларды сандар жолағымен таныстыру, алты саны көлеміндегі сан мен цифр туралы | **Математика негіздері**
"Мен отбасымда нешіншімін?"
Мақсат-міндеттері. Балаларға реттік сан есімдер туралы ұғымдарын жандандыру; тура және кері санаудың негіздерін қалыптастыру.

Қазақ тілі
Дыбыстар мен әріптер.
Мақсат-міндеттері. Балалармен бірге сауат ашу әлеміне саяхат жасау арқылы дыбыстар мен әріптер туралы | **Математика негіздері**
"Мен отбасымда нешіншімін?" пысықтау.
Мақсат-міндеттері. Балаларға реттік сан есімдер туралы ұғымдарын жандандыру; тура және кері санаудың негіздерін қалыптастыруды пысықтау.

Тілді дамыту
"Біздің балабақша тақырыбында әңгімелесу" пысықтау.
Мақсат-міндеттері. "Біздің балабақша" | **Сауат ашу негіздері**
"Сөзбен танысайық. Сөздер мен дыбыстар".
Мақсат-міндеттері. Сөз бен дыбыс туралы түсінік беру. Сөздің бірнеше дыбыстан құралатынын, дыбыстардың дауысты және дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру.

Дене тәрбиесі
"Төрт тағандап жүріп, допты баспен итеру".
Мақсат-міндеттері. Балалардың сапқа өз |

	таныстыру; үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуді, қарым-қатынас барысында әдептілік сөздерін қолдануды әдетке айналдыру; ойыншықтардың түрлері мен атауларын ажыратуды үйрету; [-ә], [-ө] дыбыстарымен таныстыру, сөздер мен сөз тіркестеріндегі [-ә], [-ө] дыбыстарын дұрыс дыбыстауды үйрету; ұқыптылыққа, қамқорлыққа, достық қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. **Дене тәрбиесі** "Допты тез лақтырамыз".	ұғымдарын қалыптастыру; "бір" цифрымен таныстыру. **Музыка** "Білімің – бұлағың" Мақсат-міндеттері: Балаларға күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын, көңіл күйін ажырата білуді үйрету; музыканы зейін қойып тыңдау дағдыларын қалыптастыру; әуен ырғағына сай қимыл жасауға жаттықтыру; музыкаға деген қызығушылықтары мен эстетикалық талғамдарын дамыту; ұжыммен ән айту мәдениетіне тәрбиелеу. **Тілді дамыту**	түсінік беру, оларды бір-бірінен айыра білуді үйрету және дыбыстау арқылы әріптерді айтқыза отырып, әріп сырын ұғындыру. Балаларға сөйлем туралы түсінік беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру, қаламмен жазуды үйрету. Балаларды балабақшаның тыныс-тіршілігімен таныстыру. Сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы сұрақтарға толық жауап беруді үйрету. Баланың зейінін арттыру, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту; ұғымталдыққа,	тақырыбында әңгімелесу, балабақша және балабақшадағы күн тәртібі, күнделікті әдептілік ережелері туралы ұғымдар қалыптастыруды пысықтау. **Музыка** "Оқу - білім азығы" Балаларды күйді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуені мен ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын және дыбысты есту қабілетін жетілдіруді пысықтау.	еріктерімен тұру қабілетін және баянат (рапорт) қабылдау ережесін қалыптастыру; еңбектеп жүріп, допты баспен итеруді үйрету. Көркем әдебиет М. Төрежанов «Қамқорлық». Мақсат-міндеттері. Қамқорлық ұғымы туралы түсінік беру, әңгімені мұқият тыңдауды, диалог сөздерді мәнеріне келтіріп айтуға дағдыландыру. Сурет салу Суретте заттардың бейнелерін, оларға тән ерекшеліктері бар ертегілердің кейіпкерлерін,

	Міндеттері. Балаларды сапта бір қатарда тұру және жүру; шашырап жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру; қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыруды үйрету. **Қоршаған әлеммен таныстыру** "Күз келді балабақшама!" Мақсат-міндеттері. Балалардың жанды және жансыз табиғат нысандары жөнінде негізгі ұғымдарын кеңейту; балабақша маңайында ауа райын бақылау кезінде күзгі құбылыстарды байқап, бір-бірінен	"Біздің балабақша тақырыбында әңгімелесу". Мақсат-міндеттері. "Біздің балабақша" тақырыбында әңгімелесу, балабақша және балабақшадағы күн тәртібі, күнделікті әдептілік ережелері туралы ұғымдар қалыптастыру.	әдептілікке тәрбиелеу. **Дене тәрбиесі** "Паровоз алдыға басып барады". Мақсат-міндеттері. Балаларды бір қатармен жүгіру; алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру; биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеуді үйрету. **Көркем әдебиет** "Ш. Шаяхметов «Білімің - бұлағың» (өлеңімен танысу)" пысықтау Мақсат-міндеттері. Балабақшаға, мектепке барған балалардың қуанышты сәттерін	**Қоршаған әлеммен танысу** "Балабақша қызметкерлерінің еңбегі". Мақсат-міндеттері. Балалардың балабақшада қызмет ететін әр мамандық иелері жайлы түсініктерін бекіту, меңгерушінің қызметі туралы мәлімет беру; үйлесімді қарым-қатынас жасау, еске сақтау қабілеттерін дамыту.	объектілер арасындағы кеңістіктік қатынастарды, олардың қарапайым семантикалық байланыстарын жеткізу қабілетін жетілдіру. Мүсіндеу "Көмекшіміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды тұзды қамырды жұмсарту; қамырдың үлкен кесегінен кіші кесекті үзіп алу, қамырды домалату, жалпайту, жаю, шымшып бір-біріне біріктіру әдістерін пайдалана отырып мәнті жасауды үйрету. Жапсыру Қайшыны қолдану дағдыларын бекіту: жолақтарды тіктөртбұрыштарға

	ажырата білуді үйрету.		әңгімелеу. «Білімің – бұлағың» өлеңін оқу, балаларға үйрету, сөздердің мағыналарын пысықтау.		кесу, квадраттарды үшбұрыштарға кесу, дөңгелек және сопақ пішіндерді кесу, квадраттың немесе тіктөртбұрыштың бұрыштарын кесу. Құрастыру Қағаз цилиндрлерден қазақтың ұлттық бас киімдерін (бас сүйек, сәукеле, кимешек) және ыдыс-аяқтарды жасау, оларды ою-өрнектермен безендіру қабілетіне үйрету.
Серуенге дайындық	Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Серуен	**Картотека №3** 1. Күз мезгілінің өзгерістерін бақылау. 2. Қ.о. «Күн мен түн» Күтілетін нәтиже: Балалар шеңберге тұрады. Екі бала	**Картотека №2** 1. Жердегі жапырақтарды бақылау. 2. Қ.о. «Өз орныңды тап» Күтілетін нәтиже: Балалар араласып жүреді, команда	**Картотека №1** 1. Ауа райын бақылау. 2. Қ.о. «Кім жылдам?» Күтілетін нәтиже: Команда бойынша белгілі міреге жетіп, жалауды көтереді.	**Картотека №4** 1. Сарғайған жапырақтарды бақылау. 2. Қ.о. «Жапырақты түсіне қарай жина» Күтілетін нәтиже: Балалар түсіне қарай себетке жинап салады.	**Картотека №5** 1. Күзгі ағаштарды бақылау Қ.о. «Кім жылдам?» Күтілетін нәтиже: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Еркін ойын.

	« күн мен түн» болып рольге бөліп ойнатылады. 3.Еңбек: ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.	бойынша өз орындарына тұрады. 3.Өз бетімен ойын.	3.Балалардың қалауы бойынша ойын.	Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу.	
Серуеннен оралу	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету				
Түскі ас	Математика негіздері –коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (кезекшілердің әрекеті) Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі. Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Арпа-бидай ас екен, Алтын-күміс тас екен. **Ереже:** Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Күндізгі ұйқы	Аудио. Қ. Абдильдинаның әні. «Айым болып тудың ба?» Музыка*				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Музыка – шығармашылық әрекет:балаларды музыкамен біртіндеп ұйқыдан ояту. Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, танымдық әрекеттер: реттілікпен өзбетінше киіну, түймелерін салу, аяқ киімді дұрыс кию, қыздардың шашын тарау, өру. Музыка* Дене тәрбиесі*				
Бесін ас	Ас адамның арқауы. Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өздері отырып тұру тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу майлықты қолдану керектігін еске түсіру тамақ ішер алдында балалар бір біріне астың дәмді болуын тілеп тамақтан соң алғыс айтулары керек екенін айту. Қазақ тілі*				

Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Д.о. «Дыбысын тап!» Мақсаты: Төлдердің дыбысын тауып, қимылын көрсетеді.Мәә, бе-е деп дауысты дыбысты айтады	Д.о.«Жалғыз алма» Мақсаты**:** Балалар ертегінің мазмұнын айтады. Табиғи материалдан алмұрт ағашын құрастырады.	Д.о. **«**Жануарлар мен құстарды ажырат» Мақсаты: Тақырыбы: Жабайы жануарлар мен құстарды ажыратуды біледі.	«Ертегіні сахналап көрсет» ойыны. Мақсаты:Үйшік ертегісін еске түсіріп, сахналау арқылы көрсетеді.	«Ертегі кейіпкерін сипатта» ойыны. Мақсаты**:** Кітаптар қарап,ертегі кейіперлерін сипаттап береді. Қасиеттерін ажыратады.
Балалармен жеке жұмыс	Бекмұханбет Дария Русланқызы Жұпар"Менің отбасым", отбасы тақырыбында мақал-мәтелдер айтқызу. Мақсат-міндеттері. Балалардың сөйлеу тілін дамыту; отбасы туралы білімдерін жетілдіру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)	Берікқали Мадина Алтынбек Абдуғаппар "Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу. Мақсат-міндеттері. Балалардың сөйлеу тілін дамыту. Мысалы: Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық, екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен.	Абдухами Ернур Абай Айназ "Жоғалған зат" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы. Педагог үстелдің үстіне бірнеше затты қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Заттардың санын біртіндеп көбейтуге болады. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-**	Азамат Ұлықбек Нурхатов Нуралы"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу. Мақсат-міндеттері. Балалардың сөйлеу тілін дамыту. Мысалы: Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық, екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен.	Берікқали Медина Санамақтар айтқызу. М. Қуанышбеков "Санамақ". Екі көз бен қос құлақ Бір бас пенен бір мұрын Нешеу болды қос шырақ, Санап шығар кім бұрын?! Екі аяқ пен екі қол, Бір ауыз бен бір тілің. Нешеу болды, қане, бол, Санап шығар кім бұрын?! **(танымдық іс-әрекет, қазақ тілі, зерттеу іс-әрекеті)**

		Біз үйде нешеуміз? Біз үйде - бесеуміз. **(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**	Біз үйде нешеуміз? Біз үйде - бесеуміз. **(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)**	
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	1. Кешті бақылау. 2. «Кешкі көрініс қандай» әңгімелесу. 3. Еркін ойындар.	Бұлтты бақылау. Дидактикалық ойын: «Бұл не зат?» Мақсаты: Затты атап,сипаттап үйрету. Еркін ойын.	Қ.о. «Бағдаршам» Міндеттер: Қызыл-көзім жүр, Жасыл- көзім тұр, Сары көзім әзірлен.	Қ.о.«Кім жылдам» Міндеттер: Балалар тез қимылдап, снауды біледі. Ретіне қарай өз орындарына орналасады.	1. Желді бақылау. 2. Желдің қай бағыттан соғатынын анықтау. Қ.о. «Жел соқты» Міндеттер: Желдің дыбысын айтып, тілдерін дамыту. Ш-ш-ш, ж-ж-ж т.б.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас**	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**

	Театрлық қойылым. "Алма" ертегісі. Мақсат-міндеттері. Балалардың естеріндегі әйгілі ертегінің мазмұнын жаңғырту, еске сақтау, ой-қиял, эмоциялық, пантомимикалық, қарым-қатынас қабілеттерін дамыту. Құралдар. Алма ағашының пішіні, ертегіге қатысатын кейіпкерлердің (қоян, қарға, аю, кірпі) киімдері, маскалары. Шарты. Педагог балаларға "Алма" ертегісінің мазмұнын қайталатады. Балалар өз қалаулары бойынша	Міндеттер. Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша, ойыншықтар тақырыбында әндер жаттау. **(музыка)** Міндетттер. Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде	**іс-әрекеті, қазақ тілі)** Міндеттер. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша, ойыншықтар тақырыбында әндер жаттау. **(музыка)**	Міндеттер. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша, ойыншықтар тақырыбында әндер жаттау. **(музыка)**	Міндеттер. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша, ойыншықтар тақырыбында әндер жаттау. **(музыка)** Өнер бұрышында балабақша, ойыншық тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**

	кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады. Алғашында, педагог автор рөлін өзі алады, балалардың арасынан автордың рөлін орындайтын баланы ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды алдыға шығарады. Қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады. Қойылым соңында балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің	музыка мәдениетін қалыптастыру. Өнер бұрышында балабақша, ойыншық тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** Арт-терапиялық суреттерді бояу. **(шығармашылық іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)**	Міндеттер. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Өнер бұрышында балабақша, ойыншық тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**	Өнер бұрышында балабақша, ойыншық тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** Міндеттер. Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым	Міндеттер.Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. **(шығармашылық іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)**

	әрекеттеріне қысқаша талдау жасатады. Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша, ойыншықтар тақырыбында әндер жаттау. **(музыка)** Өнер бұрышында балабақша, ойыншық тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. Арт-терапиялық суреттерді бояу. **(шығармашылық іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)**		Міндеттер. Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. **(шығармашылық іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)**	пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)**	
Балалардың үйіне қайтуы	«Менің үйім - менің отбасым» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.	«Отбасындағы еңбек тәрбиесі» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.	Ұлттық құндылықтар бойынша тапсырмалар беру	"Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі" тақырыбында әкелермен әңгімелесу.	«Отбасы - тәрбиенің бастауы» атты тақырыпта әңгімелесу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Сұлтан» жеке балабақшасы
Топ: «Ақниет» мектепалды тобы
Бала жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 15.09 - 19.09.2025ж
Тәрбиешілер: Мергенова Е.К, Жакыпкалиева А.Ө

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	**Аптаның дәйексөзі. Еңбек шыққан жерден төзім де шығады.** **Мұхтар Әуезов** Қабылдау: балаларды тексеру, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Музыка* **Өнегелі 15 минут** **«Күй күмбірі» «Алатау» Күймен балаларды қарсы алу. «Адал азамат» біртұтас тәрбие**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу. «Балабақша ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарына әңгіме жүргізу.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Тілді дамыту. Д.о.«Дыбыстардың орнын анықта!» Міндеттері: Балалар суретке қарап, атауын айтады. Дуысты дыбыстарды орнын анықтап айтады.	Математика негіздері Д.о. «Бұл неге ұқсайды?» Міндеттері: Суреттегі заттарды көрсетіп қандай пішінге ұқсайтынын тауып, ажыратады.	Д.о. «Дауыссыз дыбыстың орнын тап!» Міндеттері: Дауыссыз дыбыстардың орнын тауып көрсетеді. Суреттен бірінші дыбысын айтып белгілейді.	Қазақ тілі «Жануарлар мен құстарды ажырат» ойыны. Міндеттері: Жабайы жануарлар мен құстарды ажыратуды біледі, оларды сипаттайды. .	Д.о.«Тәулік бөліктерін ата!» Міндеттері: Балалар тәулік бөліктерін атап, ажыратып айтыпбереді. Еркін ойын.

Ертеңгілік жаттығу	Қыркүйек айына таңертеңгі жаттығу кешені (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Музыка* Дене тәрбиесі*
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, наннның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Қазақ тілі* Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. М. Жаманбалиев "Екі қол". Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз) Алақанды алақан. Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу) «Тап-таза» деп қуанды. Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Кіріктірілген ҰІӘ байланысты әр кезеңге орай суреттер, түрлі түсті қағаз, желім, ермексаз, т.б. әзірлеп қою. "Керекті киімді тап" үстел-үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға қысқы және жазғы киімдерді ажыратудыүйрету; зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды дамыту. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	**Сауат ашу негіздері** "Сөйлеммен танысайық". Міндеттері. Балалардың біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; сурет	**Сауат ашу негіздері** "Сөйлеммен танысайық". Міндеттері. Балалардың біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; сурет бойынша сөйлем	**Математика негіздері** "Жұбын тап". Мақсат-міндеттері. Балалардың "екі" саны мен цифры жайлы білімдерін нақтылау; реттік сан	**Математика негіздері** "Ауылдағы қызықтар". Мақсат-міндеттері. Балалардың уақыт пен тәулік бөліктері туралы білімдерін	**Сауат ашу негіздері** "Дауысты дыбыспен танысайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға дыбыс туралы түсінік беру, дауысты, дауыссыз дыбыстардың

	бойынша сөйлем құрауды, байланыстыра сөйлеуді үйрету. **Қазақ тілі** "Отбасы мүшелері". Міндеттері. Балалардың отбасы мүшелері мен туыстары туралы білімдерін дамыту және толықтыру, отбасы туралы ұғымдарын кеңейту; [-к] дыбысымен таныстыру, сөздер мен сөз тіркестеріндегі [-к] дыбысын дұрыс дыбыстауды үйрету; отбасы мен туыстық атауларды білдіретін сөздерді қазақ тілінде түсінуге, айтуға, қолдануға дағдыландыру; айтылым, тыңдалым және еркін диалогке	құрауды, байланыстыра сөйлеуді үйрету. **Математика негіздері** "Күнтізбені қалай қолдануға болады? (Қазақ халқының тәуліктегі уақытты мөлшерлеуі)" Мақсат-міндеттері. Балалардың уақыт, тәулік бөліктері ұғымдары туралы білімдерін бекіту; қазақ халқының тәулік бөліктерінің атауларымен таныстыру, өз күнтізбе жоспарын осы атауларға сәйкестендіруге жаттықтыру. **Музыка** "Сағындым, әже, сағындым" Міндеттері. Балаларды нотамен	туралы ұғымдарын жандандыру; заттарды санау арқылы салыстыру дағдыларын пысықтау. **Қазақ тілі** "Тіл бірліктері (буын, сөз, сөйлем). Отбасы мүшелері." Міндеттері. Өзінің аты-жөнін, тегін атау; ата-анасының, бауырлары мен әпке-сіңлілерінің есімдерін атау; өзінің туған күнін айту; отбасындағы өз міндеттерін атау және орындау; сөзді тұтас, дұрыс, түсініп оқуға дағдыландыру; ауызша және жазбаша тілін дамыту арқылы сөйлеу әрекеттерін жетілдіру; оқу әрекетіне қызығушылығын	кеңейту; тәулік бөліктерін ажыратып, нақты атауға жаттықтыру. **Тілді дамыту** "Отбасында біз бесеуміз" пысықтау. Міндеттері. Балаларды отбасы мүшелерімен таныстырып, баланың тілдік қабылдау нәтижелерін, сөйлеу мәдениетін дамыту. **Музыка** "Менің әжем ең жақсы адам" Міндеттері. Балаларды нотамен таныстыру, нота атаулары туралы түсінік беру; әнді тыңдай отырып, мағынасын түсініп, сыр-сипатын ажыратуды үйрету. **Қоршаған әлеммен таныстыру**	ерекшелігі туралы түсінік беру. **Дене тәрбиесі** "Қанат үстімен ауыспалы қадам жасап жүру" Мақсат-міндеттері. Балаларға қанат үстімен ауыспалы қадаммен жүруді үйрету; баянат (рапорт) қабылдау ережесіне дағдыландыру. **Көркем әдебиет** "Менің сүйікті ертегім. «Ақымақ қасқыр» қазақ халқының ертегісі." Мақсат-міндеттері. Ертегіні оқып беру, мазмұнын әңгімелеуді үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің рөліне еніп, олардың сөздерін айтқызу арқылы

	түсу қабілеттерін дамыту; отбасы мүшелері мен жақындарына сүйіспеншілік пен мейірімділікке тәрбиелеу. **Дене тәрбиесі** "Спорт - көркі өмірдің". Міндеттері. Балаларда қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру; биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеу дағдыларын дамыту. **Қоршаған әлеммен таныстыру** "Отбасы және туыстарым" Міндеттер. Балалардың отбасы туралы түсініктерін тиянақтау, туыстық	таныстыру және нота атаулары туралы түсінік беру; әнді мұқият тыңдау, мағынасын түсіну, сыр-сипатын ажыратуды үйрету. **Тілді дамыту** "Отбасында біз бесеуміз". Міндеттері. Балаларды отбасы мүшелерімен таныстырып, баланың тілдік қабылдау нәтижелерін, сөйлеу мәдениетін дамыту.	дамыту; тыңда және түсіну, байланыстыра сөйлеу дағдыларын жетілдіру; балаларға сөйлем туралы түсінік беру; суретке қарап сөйлем құрау; балаларды ұғымталдыққа, әдептілікке тәрбиелеу. **Дене тәрбиесі** "Спорт - көркі өмірдің" пысықтау. Міндеттері. Балаларда қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру; биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеу дағдыларын пысықтау. **Көркем әдебиет** М. Төрежанов «Қамқорлық». (пысықтау)	"Саяхатшы балалар". Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған табиғат туралы өрісін кеңейту; саяхаттау және жабайы табиғаттағы тәртіп ережелерімен таныстыру.	байланыстыра сөйлеуді, кейіпкерлердің ерекшеліктерін, белгілерін дәл тауып, сипаттауды үйрету. **Сурет салу** "Менің үйім осындай" Мақсат-міндеттері: үйдің суретін салуға үйрету; заттарды кеңістікте дұрыс орналастыру дағдыларын жетілдіру; түстерді үйлесімді қолдануға жаттықтыру. **Мүсіндеу** "Үй" Мақсат-міндеттері: тұзды қамырмен жұмыс жасау тәсілдерін үйрету; үй бөліктерін мүсіндеуге жаттықтыру; қол

	атауларды түсіндіру; отбасының барлық мүшелерін дұрыс атауды үйрету; отбасындағы адамдардың бір-біріне қамқорлықпен қарайтыны, жақсы көретіні, құрметтейтіні туралы түсініктерін дамыту; зейінін, ақыл-ойын, еске сақтау және түйсік қабілеттерін дамыту; отбасындағы өзара көмек сезімін тәрбиелеу.		Міндеттері. Қамқорлық ұғымы туралы түсінік беру, әңгімені мұқият тыңдауды, диалог сөздерді мәнеріне келтіріп айтуға дағдыландыру.		моторикасын дамыту. **Жапсыру** "Әдемі үй" Мақсат-міндеттері: қайшымен пішіндерді қиып, үй бейнесін құрастыруға үйрету; ұқыпты жапсыру дағдыларын қалыптастыру. **Құрастыру** "Үй жиһаздары" Мақсат-міндеттері: құрылыс материалдарынан үй жиһаздарын құрастыруға үйрету; шығармашылық және құрастыру қабілеттерін дамыту.
Серуенге дайындық	Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				

Серуен	**Картотека №6** 1. Сарғайған жапырақтарды бақылау. 2. Қ.о. «Жапырақты түсіне қарай жина» Міндеті: Балалар түсіне қарай себетке жинап салады. Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу.	**Картотека №8** 1. Күзгі ағаштарды бақылау Қ.о. «Кім жылдам?» Міндеті: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Еркін ойын.	**Картотека №7** 1. Ауа райын бақылау. 2. Қ.о. «Кім жылдам?» Міндеті: Команда бойынша белгілі міреге жетіп, жалауды көтереді. 3. Балалардың қалауы бойынша ойын.	**Картотека №9** 1. Күз мезгілінің өзгерістерін бақылау. 2. Қ.о. «Күн мен түн» Міндеті: Балалар шеңберге тұрады. Екі бала « күн мен түн» болып рольге бөліп ойнатылады. 3. Еңбек: ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.	**Картотека №10** 1. Жердегі жапырақтарды бақылау. 2. Қ.о. «Өз орныңды тап» Міндеті: Балалар араласып жүреді, команда бойынша өз орындарына тұрады. 3. Өз бетімен ойын.
Серуеннен оралу	Тілді дамыту– коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету				
Түскі ас	Математика негіздері –коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (кезекшілердің әрекеті) Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі. Қазақ тілі*				
Күндізгі ұйқы	Қоршаған әлеммен таныстыру – танымдық әрекет: түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу. Музыка* Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио. Қ. Абдильдинаның әні. «Айым болып тудың ба» **(музыка)**				
Балаларды қабылдау	**Аптаның дәйексөзі** **Батамен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер. Мақал** Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту). Өнегелі 15 минут. «Күй күмбірі» «Хафиз» Күймен балаларды қарсы алу. «Адал азамат» біртұтас тәрбие**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" тақырыбына әңгімелесу.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Біз орындықтарды орнына қоямыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру;	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсаты Балалардың өз төсегін жинастыру	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат Балаларға жөндеуді қажет	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Мақсаты: Жаңа еңбек дағдыларын	Дидактикалық ойын: “Қыран құс” Міндеті: Суреттегі құстардың ішінен қыран құсты тауып қоршайды. Қыран құсты сипаттап айтып береді.

және тағы басқа іс-әрекеттер)	тапсырманы жылдам, мұқият орындау. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)"	дағдыларын қалыптастыру.	ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету	үйрету; балалардың түсінігінде жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы ұғымдарын бекіту	Қарым- қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет.
Ертеңгілік жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)**Музыка**** Дене тәрбиесі****				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **Қазақ тілі*****				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Армысың, асыл күн, Армысың, асыл жыр. Армысың, көк аспан, Армысың, достарым, Жылуыңа жылу қос, Міне менің қолым! **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері Дыбыстар. Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Қайталау. Дыбыс пен әріпті, дауысты және дауыссыз дыбыстарды қайталау. Сөзді буынға бөлуді, аталған сөзді	Сауат ашу негіздері "Сөздер мен сөйлемдер" Мақсат-міндеттер: сөз, сөйлем жайында түсінік беру. Сурет	Математика негіздері "Жануарлар жұмбақтарды жасыруды бастайды" Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың	Математика негіздері "Жануарлар жұмбақтарды жасыруды бастайды" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың	Сауат ашу негіздері "Сөздер мен сөйлемдер" Мақсат-міндеттер: сөз, сөйлем жайында түсінік беру. Сурет арқылы сөйлем құруға үйрету. Дене тәрбиесі "Құрсаумен жаттығулар"

	қатыстырып сөйлем құрастыруды қайталату. Ойлау қабілеттері мен тіл байлықтарын дамыту. Нанды қастерлеуге тәрбиелеу. Қазақ тілі Дыбыстар мен әріптер еліне саяхат Балалардың ұғымындағы қазақ тілінің дыбыстары және буын, сөз, сөйлем, әріп туралы түсініктерін тиянақтау; дауысты және дауыссыз дыбыстардың ерекшіліктерін пысықтау, әріптер туралы түсініктерін кеңейту; жәндіктер мен құстардың көктем мезгіліндегі тіршілігі жайындағы түсініктерін кеңейту; сөйлеу мәнерін, байланыстыра сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын, жұмбақ	арқылы сөйлем құруға үйрету. Математика негіздері "Жиыны қанша?" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың түрлі оқиғалар, апта күндері, тәулік бөліктерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту. Музыка "Біз мектепке барамыз" Мақсат-міндеттер: балаларды көтеріңкі де көңілді әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне жаттықтыру.	салмағын өлшеуге қызығушылықтарын арттыру; шартты өлшемнің көмегімен заттың шамасын салыстыра білу, тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тілі Көктемгі егістік. "Құмырсқа" ертегісін мәнерлеп оқу. Балалардың ұғымындағы көктемгі егістік туралы түсініктерін кеңейту; «Құмырсқа» ертегісінің мазмұнымен таныстыру, «дос», «достық»	заттардың салмағын өлшеуге қызығушылықтарын арттыру; шартты өлшемнің көмегімен заттың шамасын салыстыра білу, тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білу дағдыларын жетілдіру. Тілді дамыту "«Көңілді жаз» тақырыбында шығармашылық әңгіме құру". Мақсат-міндеттер: жаздың кезі көңілді тақырыбына шығармашылық әңгіме құру. Жаз мезгілімен таныстыра отырып, табиғат өзгерістері туралы түсінік беру.	Балаларды бір орыннан ұзындыққа секіру; түзу бағытта шоқырақтап жүруге үйрету; балаларда көтеріңкі заттың үстімен жүру; сап түзеу арқылы жылдамдыққа ирелеңдеп жүгіру дағдыларын дамыту; бұрын үйретілген жаттығуларды қайталау, қимыл біліктері мен дағдыларын жетілдіру. Көркем әдебиет "Кішкентай Мук туралы хикаялар" Балаларға Вильгельм Гауфтың «Кішкентай Мук» ертегісінің желісін баяндауды; ертегінің мазмұнын, идеясын, кейіпкерлердің әрекеттерін түсінуді, еске сақтауды үйрету; балалардың байланыстыра сөйлеу, шығармашылық, ізденімпаздық қабілеттерін дамыту;

	шешу, сөз ойлау арқылы тіл байлықтарын дамыту, қазақ тіліне қызығушылықты арттыру; ұқыптылыққа, әдептілікке, ұйымшылдыққа, адамгершілікке баулу. Дене тәрбиесі "Құрсауды тура бағытта домалату" Мақсат-міндеттер. Балаларды құрсауды тура бағытта домалатуға үйрету; гимнастикалық орындықтың үстімен бүйірлік адыммен жүру, ортасына келгенде отыру және тұрып, қайта жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін және баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын әрі қарай жетілдіру.	Сөйлеуді дамыту "«Көңілді жаз» тақырыбында шығармашылық әңгіме құру". Мақсат-міндеттер: жаздың кезі көңілді тақырыбына шығармашылық әңгіме құру. Жаз мезгілімен таныстыра отырып, табиғат өзгерістері туралы түсінік беру.	сөздерінің мағынасын тиянақтау; етістіктерді нақты айтуға жаттықтыру, артикуляцияны дамыту; көрнекілік суреттерді түсінуге негізделген жауаптар құруға жаттығу. Дене тәрбиесі "Құрсауды тура бағытта домалатуды пысықтау" Мақсат-міндеттер. Балаларды құрсауды тура бағытта домалатуға үйрету; гимнастикалық орындықтың үстімен бүйірлік	Музыка "Қош бол, балабақша!" Мақсат-міндеттер: балаларды көтеріңкі де көңілді әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттерін жетілдіру. Қоршаған әлеммен таныстыру "Бөлме өсімдіктері" Жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; байланыстырып сөйлеуге, сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету, саусақ жаттығуын жасату арқылы	балалардың ақыл-ойын, қиялын жетілдіру; мейірімділікке, төзімділікке тәрбиелеу; ертегілер әлеміне қызығушылықтарын дамыту. Құрастыру "Ақ қайың" Балаларға қатырма қағаздан ағаштың діңі мен ұшар басын қиып алуды; майлықтарды жырту, умаждау әдістерін пайдаланып, домалақ етіп ағаштың ұшар басына жапсыруға, желіммен ағаш бөліктерін бір-біріне жапсырып, "қайың" ағашын құрастыруды үйрету; дәстүрлі емес өнердің түрлерімен жұмыс істеу іскерліктерін дамыту; балаларды "табиғат жер байлығы", "адамның табиғатсыз күні жоқ" мақал - мәтелдерінің

	Қоршаған әлеммен таныстыру "Қашқар гүлінің орнын ауыстыру" Балаларға қашқаргүл гүлін егу, күтіп-өсіру амалдарын көрсету; гүлдің орнын ауыстыру, гүлзарға өз қолымен отырғызуды үйрету; істеген істерін, әрекеттерін мақтап, бойында мақтан тұтар сезім қалыптастыру; жауапкершілігін арттыру, табиғатпен етене жақын екенін білдіріп, жанашыр болу керегін түсіндіру.		адыммен жүру, ортасына келгенде отыру және тұрып, қайта жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру дағдыларын әрі қарай пысықтау. Көркем әдебиет "Қымбат Әбілдәқызының «Нұрлы жаңбыр» өлеңін жаттау" Балаларды Қымбат Әбілдәқызының «Нұрлы жаңбыр» атты өлеңімен таныстыра отырып, мазмұнын мәнерлеп жатқа айтуға дағдыландыру.	қолдарының ұсақ моторикасын жетілдіру; есте сақтау қабілеттерін дамыту; туған жер табиғатын сүйе білуге тәрбиелеу.	мағыналарын түсіндіріп, көктемгі ағаштардың түрлері жайлы білімдерін кеңейту; ағаштарды сипаттамасына қарай арқылы танып, ағаштардың жапырақтарын ажырата білуге үйрету; табиғаттың әсемдігін, сұлулығын көруді және сезінуге тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің				

	міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуен	Бақша ауласындағы өсімдіктерді бақылау. Мақсат-міндеттер. Балаларды көлеңкеде және күн астында өсетін өсімдіктерді салыстыруға шақыру,олардың қайсысы тезірек гүлдейтінін бақылау, өсімдіктердің өсуіне жарықтың қажеттілігі туралы тұжырым жасауға жетелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**	Бақша ауласындағы өсімдіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды көлеңкеде және күн астында өсетін өсімдіктерді салыстыруға шақыру,олардың қайсысы тезірек гүлдейтінін бақылау, өсімдіктердің өсуіне жарықтың қажеттілігі туралы тұжырым жасауға жетелеу.	Жәндіктерді бақылау (көбелек, қоңыз, сары маса, шегіртке). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Жұмбақ. Ұшқанда өлең айтады, Қонғанда жер қазады. Мұны да ойлап көрейік, Шешуін кім табады? (Қоңыз) (дене шынықтыру) Ойын түрін таңдауындағы дербестік әрекетін жетілдіру.	Алғашқы жәндіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Күннің жылынғанына, топырақтың бетіндегі өзгерістерге, жәндіктердің оянғанына назар аудару. Мақсат-міндеттер. Ұйымдасып еңбек ету дағдыларын қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қияр". (дене шынықтыру)	Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы тазалау). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Ұжыммен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Алыптар мен құртақандар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Физикалық белсенділікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Жылан". **(дене тәрбиесі)**
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.				

	Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Түскі ас	Математика негіздері –коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (кезекшілердің әрекеті) Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі. **Қазақ тілі***				
Күндізгі ұйқы	Қоршаған әлеммен таныстыру – танымдық әрекет: түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу. **Музыка********				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Музыка – шығармашылық әрекет:балаларды музыкамен біртіндеп ұйқыдан ояту. Қоршаған әлеммен таныстыру – еңбек, танымдық әрекеттер: реттілікпен өзбетінше киіну, түймелерін салу, аяқ киімді дұрыс кию, қыздардың шашын тарау, өру. **Музыка******** **Дене тәрбиесі****				
Бесін ас	Ас адамның арқауы. Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өздері отырып тұру тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу майлықты қолдану керектігін еске түсіру тамақ ішер алдында балалар бір біріне астың дәмді болуын тілеп тамақтан соң алғыс айтулары керек екенін айту. **Қазақ тілі*****				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Сюжетті-рөлдік ойын. "Кememен саяхат". Мақсат-міндеттер. Балаларға кememен саяхаттау қалай өтетіні туралы, теңіз порты қандай орын екендігін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандықтар	«Өзіммен жолға ала шығамын» дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттер. Логикалық ойлауды дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: әртүрлі заттардың суреттері	Сурет салудан ойын-жаттығу "Менің атам егінші". Мақсат-міндеттер: балаларды егінде жүрген трактор пішінін салуға баулу; тарақты немесе пластиктен жасалған шанышқыны	STEAM «Ертегі кейіпкеріне тән әуенді таңда» ойыны Міндеттер: балалардың музыкалық есту, әуендердің сипатын ажырата білу қабілеттерін дамыту; ертегінің бір немесе басқа	«Күрік пен балапандар» ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға әртүрлі көңіл күйді сөз және қимылдармен білдіруді үйрету. Ойын шарты. Логопед балаларға балапандар жұмыртқадан шығатынын түсіндіреді. Балаларға белін екі

	туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде қандай тәртіпті ұстанатыны туралы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу.	бейнеленген карточкалар. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	бояуға малып, егін жолдарын салу техникасымен таныстыру. «Суық – ыстық» азқимылды ойыны. Мақсат-міндеттер. Ереже бойынша ойын ойнауды үйрету.	кейіпкерін өзіне тән әуенмен байланыстыруды үйрету; әйгілі ертегілердің сюжеттерін бекіту; ертегі кейіпкерін ым-ишара, батырдың сөздері арқылы бейнелеу, оның мініездемесі мен музыканың сипатына сәйкес қозғалу қабілетін дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)	қолмен таянып, бастарын ортаға қарай еңкейтіп, жүресінен отыруды ұсынады.
Балалармен жеке жұмыс	Бекмұханбет Дария Берікқали Мадина Қызықты логикалық есептерді шығару. Мақсат-міндеттері. Балаларды логикалық жаттығуларды орындауға машықтандыру. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Серік Алан Әмңржан Алихан "Қоянға көмектес" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды санауды және олардың екі тобын	Абдухами Ернур Русланқызы Жұпар"Кейіп кердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Таныс ертегілер мен	Абай Айназ Джамкулов Ержан Сөздерге дыбыстық талдау жасау жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балалардың фонематикалық есту, ойлау, зейін, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.	Азамат Ұлықбек Алтынбек Абдуғаппар Ертегілерді ойдан шығару жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларға ұнаған суреттердің негізінде жаңа ертегі немесе оқиғаны ойдан шығарып, әңгімелеуге машықтандыру.

		салыстыруды, ажыратуға дағдыландыру. (танымдық іс-әрекеті)	әңгімелердің мазмұнын (қарым-қатынас іс-әрекеті)	(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)	(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**Картотека №3**	**Картотека №4**	**Картотека №5**	**Картотека №6**	**Картотека №7**
Балалардың үйіне қайтуы	"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" тақырыбына әңгімелесу. Балалардың жануарлар мен құстарға қызығушылығын дамыту" тақырыбында ата-аналарға кеңестер беру; әңгімелесу; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Сұлтан» жеке балабақшасы
Топ: «Ақниет» мектепалды тобы
Бала жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 18.05 - 22.05.2026ж.
Тәрбиешілер: Мергенова Е.К, Жакыпкалиева А.Ө

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Қабылдау: балаларды тексеру, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. **«Күй күмбірі» Күймен балаларды қарсы алу. Музыка****Өнегелі 15 минут. «Күй күмбірі» «Қос алқа» Күймен балаларды қарсы алу. «Адал азамат» біртұтас тәрбие**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	"Балалардың жануарлар мен құстарға қызығушылығын дамыту" тақырыбында ата-аналарға кеңестер беру; әңгімелесу; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	"Сиқырлы қалта" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету. (танымдық іс-әрекет)	«Әдемі кілемшелер». Ойынның мақсат-міндеттер. Бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту.(шығармашылық іс-әрекет)	"Бөлме өсімдіктері" Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктердің өсу және даму жолдары туралы түсініктерін қалыптастыру; балаларды сепкішпен су шашуға, дымқыл шүберекпен	Мүсіндеуден ойын-жаттығулар. "Баптағанға - жер жомарт" Мақсат-міндеттер: көктемгі егістіктіктердің маңыздылығын айтып, баптағанға – жер жомарт екенін түсіндіру.	Үстел үсті ойыны. "Дойбы". Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды. (танымдық іс-әрекет)

			өсімдіктердің шаңын сүртуге үйрету. (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)	(шығармашылық іс-әрекет)	
Ертеңгілік жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)** 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1-допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2-допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу; 3-қолдарын жанына жіберу; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1-оң аяққа иілу; 2-3-допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау. 3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау. 1-2-өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 -бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу. 1-2-аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою. 1-2-қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.			

	(дене тәрбиесі)				
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Менің көңіл-күйім» Ойынның мақсат-міндеттер: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу . Балалар кезек-кезек жылдың қай мезгілі, табиғат құбылысы, ауа-райы олардың бүгінгі көңіл-күйіне ұқсас екенін айтады. Салыстыруды тәрбиеші бастауы тиіс: «Менің көңіл-күйім көгілдір аспандағы ақ ұлпа бұлттарға ұқсайды, сенің көңіл-күйің қандай?» деп, балаларды ойынға тартады. Ойынның соңында тәрбиеші қорытындылайды – бүгін топтың көңіл-күйі қандай: көңілсіз, көңілді, күлкілі, ызалы екенін айтады. Қолайсыз ауа-райы, суық, жаңбыр, түнерген аспан сияқты агрессивті элементтер эмоционалды күйзелісті көрсететінін түсіндіру керек. **(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері "Сөздер мен сөйлемдер" Мақсат-міндеттер: сөз, сөйлем жайында түсінік беру. Сурет арқылы сөйлем құруға үйрету. Қазақ тілі	Сауат ашу негіздері "Сөздер мен сөйлемдер" Мақсат-міндеттер: сөз, сөйлем жайында түсінік беру. Сурет арқылы сөйлем құруға үйрету.	Математика негіздері "Жиыны қанша?" Мақсат-міндеттер: балалардың түрлі оқиғалар, апта күндері, тәулік бөліктерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту.	Математика негіздері "Жиыны қанша?" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың түрлі оқиғалар, апта күндері, тәулік бөліктерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту.	Сауат ашу негіздері "Сөздер мен сөйлемдер" Мақсат-міндеттер: сөз, сөйлем жайында түсінік беру. Сурет арқылы сөйлем құруға үйрету.

	"Көктемгі егістік. "Құмырсқа" ертегісін мәнерлеп оқу". Мақсат-міндеттер: балалардың көктемгі егіс, нан өсіру және жинау процесі туралы түсініктерін кеңейту; "Құмырсқа" ертегісінің мазмұнымен таныстыру. Дене тәрбиесі "Құрсаумен жаттығуларды пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларды құрсауды тура бағытта домалатуға үйрету; гимнастикалық орындықтың үстімен бүйірлік адыммен жүру, ортасына келгенде отыру және тұрып, қайта жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру	Математика негіздері "Бақшадағы жұмыстар" Мақсат-міндеттер: балалардың көктемгі бақша жұмыстары жайлы білімдерін тиянақтау; заттардың салмағын өлшеу біліктіліктерін арттыру. Музыка "Ақ жаңбыр" Мақсат-міндеттер: балалардың ақ жауын туралы әнді топпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; ырғақты аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету.	Қазақ тілі "Қызықты әріптер". Мақсат-міндеттер: сөзді буындап, тұтас оқу дағдыларын одан әрі қалыптастыру; сөйлеу мәнерін, байланыстыра сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын, жұмбақ шешу, сөз ойлау арқылы тіл байлықтарын дамыту. Дене тәрбиесі "Құрсаумен эстафеталар" Мақсат-міндеттер: балаларды көлденең бөрене бойымен жүру және жүгіруге үйрету. Көркем әдебиет	Тілді дамыту "«Көңілді жаз» тақырыбында шығармашылық әңгіме құру". Мақсат-міндеттер: жаздың кезі көңілді тақырыбына шығармашылық әңгіме құру. Жаз мезгілімен таныстыра отырып, табиғат өзгерістері туралы түсінік беру. Музыка "Біз мектепке барамыз" Мақсат-міндеттер: балаларды көтеріңкі де көңілді әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне жаттықтыру. Қоршаған әлеммен таныстыру "Қош келдің, жаз!"	Дене тәрбиесі "Құрсаумен эстафеталарды пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларды көлденең бөрене бойымен жүру және жүгіруге үйрету. Көркем әдебиет "«Қоян және кірпі» ертегі-пантомима" (қайталау) Мақсат-міндеттер: балалардың пантомималарды сахнада қою білігін нақтылау. Сурет салу "Менің атам егінші". Мақсат-міндеттер: балаларды егінде жүрген трактор пішінін салуға баулу; тарақты

	қабілетін және баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Қоршаған әлеммен таныстыру "Адал еңбек - бәрін жеңбек" Мақсат-міндеттер: балалардың еңбектің адам тіршілігінің негізі жайындағы ұғымдарын тиянақтау; түрлі мамандықтар туралы білімдерін жетілдіру; кез келген мамандықты игеруге қажет қабілеттер жайында түсіндіру.	Тілді дамыту "А.Бақтыгереевань «Гүл ектік» өлеңін жаттау. Мазмұны бойынша әңгімелеу" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: өлеңді жаттап, мәнерлеп айтуға үйрету.	"«Қоян және кірпі» ертегі-пантомима" Мақсат-міндеттер: балалардың пантомималарды сахнада қою білігін нақтылау. Балаларды көркем бейнені толық жасауға түрткі болу.	Мақсат-міндеттер: жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; байланыстырып сөйлеуге, сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету, саусақ жаттығуын жасату арқылы қолдарының ұсақ моторикасын жетілдіру.	немесе пластиктен жасалған шанышқыны бояуға малып, егін жолдарын салу техникасымен таныстыру. Жапсыру "Егін алқабы" Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі түсті қағаздарды жырту және жапсыру арқылы егін алқабы мен трактор бейнесін құрастыруға үйрету. Мүсіндеу "Трактор" Мақсат-міндеттер: балаларды ермексазды домалақтау, созу әдістері арқылы трактордың мүсіндеуге үйрету.

					Құрастыру "Егіншіге көмек" Мақсат-міндеттер: балаларды құрылыс материалдарынан трактор мен тіркемені құрастыруға үйрету.
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуен	Кемпірқосақты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Кемпірқосақтың пайда болу құбылысын түсіндіру, түстері туралы айту; кемпірқосақ жайлы білімдерін толықтыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз	Жердегі тастарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Өлі табиғаттың бөлігі ретінде тастар туралы түсінік қалыптастыру. (Қандай тастар бар? Адам тастарды қайда пайдаланады?) "Секірейік".	Құмырсқаларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Құмырсқалар туралы білімдерін бекіту; зерттеуге деген қызығушылықты арттыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұсталып қалу". (дене шынықтыру)	Бақша ауласындағы өсімдіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды көлеңкеде және күн астында өсетін өсімдіктерді салыстыруға шақыру,олардың қайсысы тезірек гүлдейтінін бақылау, өсімдіктердің өсуіне жарықтың қажеттілігі	Алғашқы жәндіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Күннің жылынғанына, топырақтың бетіндегі өзгерістерге, жәндіктердің оянғанына назар аудару.

	көңілді балалармыз". (дене тәрбиесі)	Мақсат-міндеттер. Ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту.	Мақсат-міндеттер. Жүгіру, секіру дағдыларын бекіту.	туралы тұжырым жасауға жетелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Жылан". Мақсат-міндеттер. Ептілікті, үйлесімді әрекет ету қабілетін дамыту.	"Секірейік". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларды жоғарыдан төмен қарай секіруге жаттықтыру.
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Түскі ас	Математика негіздері –коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (кезекшілердің әрекеті) Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі. **Қазақ тілі***				
Күндізгі ұйқы	Қоршаған әлеммен таныстыру – танымдық әрекет: түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу. **Музыка******				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Музыка – шығармашылық әрекет:балаларды музыкамен біртіндеп ұйқыдан ояту. Қоршаған әлеммен таныстыру – еңбек, танымдық әрекеттер: реттілікпен өзбетінше киіну, түймелерін салу, аяқ киімді дұрыс кию, қыздардың шашын тарау, өру. **Музыка**** Дене тәрбиесі****				
Бесін ас	Ас адамның арқауы. Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өздері отырып тұру тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу майлықты қолдану керектігін еске түсіру тамақ ішер алдында балалар бір біріне астың дәмді болуын тілеп тамақтан соң алғыс айтулары керек екенін айту. **Қазақ тілі*****				

Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Сюжетті-рөлдік ойын. "Супермаркет". Мақсат-міндеттер. Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте әртүрлі тауарлар сатылатыны жайында мәліметтер беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)	Сюжетті-рөлдік ойын. "Аспазхана". Мақсат-міндеттер. Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындарда әдептілік, тамақтанудағы әдеп ережелерін меңгерту, ұстануға ынталандыру (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)	Дамытушы ойын. "Жылы сөздер қобдишасы". Мақсат-міндеттер. Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, оптимизм сезіміне тәрбиелеу. (дене тәрбиесі)	Дидактикалық ойын. "Жақсы - жаман". Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу. (дене тәрбиесі)	Дидактикалық ойын. "Бұл қай мезгілде болады?" Мақсат-міндеттер. Балалардың мезгілдерге тән құбылыстар жөнінде білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)
Балалармен жеке жұмыс	Азамат Ұлықбек Бекмұханбет Дария	Алтынбек Абдуғаппар Серік Алан	Берікқали Мадина Абдухами Ернур	Абай Айназ Әмңржан Алихан	Русланқызы ЖұпарДжамкулов Ержан

	Үстел үсті ойыны. "Дойбы". Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды. Ойынның мақсат-міндеттері. Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау. (танымдық іс-әрекет)	Бала тілін дамыту. "Көбелек" (Әбен Дәуренбеков) Сен де қудың көбелек, Мен де қудым көбелек, Жүйрік екен керемет, Ұстатпады, не керек?! (қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Қағаздан бүктеу" жұмысы. Тақырыбы: "Бақа". Мақсат-міндеттер. Аңдар, құстар және гүлдерді қағаздан бүктеп жасауға мүмкіндік беру. (шығармашылық іс-әрекет)	"Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта". Мақсат-міндеттер. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар. (танымдық іс-әрекет)	"Әдемі үйшік" пазлын құрастыру. Бір үйшікте мекен ететін жануарлар достығы туралы әңгіме жүргізу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**Картотека №2**	**Картотека №5**	**Картотека №6**	**Картотека №10**	**Картотека №8**
Балалардың үйіне қайтуы	Балаларының жетістігі жайлы ата-аналарына айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Сұлтан» жеке балабақшасы
Топ: «Ақниет» мектепалды тобы
Бала жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 25.05 - 29.05.2025ж
Тәрбиешілер: Мергенова Е.К, Жакыпкалиева А.Ө

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	**Аптаның дәйексөзі.** **Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар. Мақал** Қабылдау: балаларды тексеру, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау.**Музыка****Өнегелі 15 минут «Күй күмбірі» «Ақ жауын» Күймен балаларды қарсы алу. «Адал азамат» біртұтас тәрбие**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	"Үйде балаларға қандай кітаптарды оқуға болады?" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Қимылдық ойын: “Жайнайды гүлдер!” Міндеті: Дөңгеленіп тұрып, жайқалған гүл боп қимылын көрсетеді. Дене тәрбиесі** Қарым-қатынас іс-әрекеті	Дидактикалық ойын: “Гүлге қонды көбелек” Міндеті: Гүлдерді түріне қарай ажыратып, көбелектерді түсіне қарай, гүлдерге орналастырады. Дене тәрбиесі**		Дидактикалық ойын: “Сары гүлді тауып қорша” Міндеті: Балалар суреттен сары гүлді тауып қоршайды. Көктемгі гүлдерін біледі.(бәйшешек, сары гүл, қызғалдақ, жауқазын т.б)	Қимылдық ойын: “Арқан тартыс” Міндеті: Екі командаға бөлініп, кім арнайы мәреден шықса, сол жеңіске жетеді. Дене тәрбиесі** Қарым- қатынас іс-әрекеті

		Қарым қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет		Қарым- қатынас іс-әрекеті	
Ертеңгілік жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) **Музыка**** Дене тәрбиесі****				
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. *Бата беру* Сұрасаң бата берейін Үстем болсын мерейің Ықыласпен қол жайсаң Көп тілекті төгейін Дастарханың мол болсын Уайым қайғың жоқ болсын Сұрағаның алдыңнан Іздемей-ақ көп болсын Әумин **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Әңгімелесу: "Демалыс күндерін қалай өткіздік?". Мақсат-міндеттер: ұзаққа есте сақтау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту.				
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері	Сауат ашу негіздері "Пысықтауға арналған		Математика негіздері	Сауат ашу негіздері "Пысықтауға арналған

	"Пысықтауға арналған дидактикалық ойындар". Мақсат-міндеттер: барлық өткен материалдарды қайталау. Қазақ тілі "Жаз мезгілі. Орман ертегісі". Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілі, жазғы және жазғы табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту; В.Бианкидің "Құйрықтар" ертегісінің негізгі мазмұнымен таныстыру. Дене тәрбиесі	дидактикалық ойындар". Мақсат-міндеттер: барлық өткен материалдарды қайталау. Математика негіздері "Жануарлар жұмбақтарды жасыруды бастайды" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың салмағын өлшеуге қызығушылықтарын арттыру; шартты өлшемнің көмегімен заттың шамасын салыстыра білу, тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білу дағдыларын жетілдіру. Музыка "Қош бол, балабақша!"		"Жазғы қызықтар" (қайталау) Мақсат-міндеттер: балалардың жаз мезгілі мен оның ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; цифрды заттың санымен сәйкестендіру, қарапайым мысалдар мен есептерді шығара білу біліктіліктерін бекіту. Тілді дамыту "Әңгімелеп үйренеміз. Л.Толстой «Екі жолдас»". Мақсат-міндеттер: әңгімені оқу барысында оқиға желісі мен кейіпкерлерді белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені	дидактикалық ойындар". Мақсат-міндеттер: барлық өткен материалдарды қайталау. Дене тәрбиеден ойын-жаттығу "Құрсауды тура бағытта домалату" Мақсат-міндеттер. Балаларды құрсауды тура бағытта домалатуға үйрету; гимнастикалық орындықтың үстімен бүйірлік адыммен жүру. Көркем әдебиет "Кел жаттайық Т. Молдағалиев «Жаз келіпті»" (қайталау) Мақсат-міндеттер: жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру. Байланыстырып

	"Доға астынан өту кезінде топтасу" Мақсат-міндеттер: балаларды доға астынан өту кезінде топтасуға үйрету. Қоршаған әлеммен таныстыру "Қош келдің, жаз!" Мақсат-міндеттер: балалардың ауамен тәжірибелер мен зерттеулер арқылы іздеу-танымдық белсенділігін дамыту; ой-өрісін кеңейту.	Мақсат-міндеттер: балаларды көтеріңкі де көңілді әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттерін жетілдіру. Тілді дамытудан ойын-жаттығу Өткен тақырыптарды пысықтау.		бейнелейтінін түсіндіру. Музыка "Жау, жау, жаңбыр" Мақсат-міндеттер: музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін бере білу қабілеттерін қалыптастыру. Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығу Өткен тақырыптарды пысықтау.	сөйлеуге, сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету. Мүсіндеу "Сұлу көбелек" Мақсат-міндеттер: балаларды ермексаздың үлкен кесегінен кіші кесекті үзіп алу, ермексазды есу, көбелекті мүсіндеуге үйрету. Сурет салу "Сұлу көбелек" Мақсат-міндеттер: балаларды көбелектің бейнесін қағаз бетіне симметриялы орналастырып салуға, қанаттарын түрлі түстермен әсемдеуге үйрету.

					Жапсыру "Көбелек гүл үстінде" Мақсат-міндеттер: балаларды дайын пішіндерді қағаз бетіне дұрыс орналастырып, көбелек бейнесін жапсыруға үйрету. Құрастыру "Көбелектер әлемі" Мақсат-міндеттер: балаларды қағазды бүктеу және құрастыру әдістері арқылы көбелек бейнесін жасауға үйрету.
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				

Серуен	**Картотека №15** Аула сыпырушыға көмектескенің бақылау. Қ.о. “Жайнайды гүлдер!” Міндеті: Дөңгеленіп тұрып, жайқалған гүл боп қимылын көрсетеді. **Дене тәрбиесі** **Қарым- қатынас іс-әрекеті**	**Картотека №11** Аула сыпырушынын еңбегін бақылау. Қ.о. “Үлкенге көмек” Міндеті: Балалар аула сыпырушыға көмектесіп, песокты көтереді. **Дене тәрбиесі** **Қарым-қатынас іс-әрекеті**		**Картотека №14** Ауладағы гүлдерді бақылау. Д.о.“Сары гүлді тауып қорша” Міндеті: Балалар суреттен сары гүлді тауып қоршайды. Көктемгі гүлдерін біледі.(бәйшешек, сары гүл, қызғалдақ, жауқазын т.б) **Қарым- қатынас іс-әрекеті**	**Картотека №12** Бөлме гүлдерін бақылау Міндеті: Ауладагы гүл мен бөлме гүлдерін ажыратады. Өз бетімен ойын. **Дене тәрбиесі**** **Қарым- қатынас іс-әрекеті, танымдық іс- әрекет.**
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Түскі ас	Математика негіздері –коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (кезекшілердің әрекеті) Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі. **Қазақ тілі***				
Күндізгі ұйқы	Қоршаған әлеммен таныстыру – танымдық әрекет: түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу. **Музыка****				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Музыка – шығармашылық әрекет:балаларды музыкамен біртіндеп ұйқыдан ояту. Қоршаған әлеммен таныстыру – еңбек, танымдық әрекеттер: реттілікпен өзбетінше киіну, түймелерін салу, аяқ киімді дұрыс кию, қыздардың шашын тарау, өру. **Музыка**** Дене тәрбиесі****				

Бесін ас	Ас адамның арқауы. Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өздері отырып тұру тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу майлықты қолдану керектігін еске түсіру тамақ ішер алдында балалар бір біріне астың дәмді болуын тілеп тамақтан соң алғыс айтулары керек екенін айту. **Қазақ тілі*****				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы". Мақсат-міндеттер. Балалардың ойыншықтар жайындағы білімдерін нығайту, шығармашылықпен ойлану, нәтижелі қарым-қатынастар жасай білу қабілеттерін дамыту, заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық	Ритмикалық жаттығу Бір екі, бір екі, аяқты аламыз. (адымдайды) Адыммен біркелкі, сап түзер баламыз. (сап түзейді) Біз жауынгер баламыз. (қолдарын басының тұсына қояды) Бір екі, бір екі, жігерлі ән саламыз. (адымдайды) Тізіліп біркелкі, ертең өсіп жеткенде (қолдарын басының тұсына қояды) Ел қорғайтын боламыз. (қолдарын басының тұсына қойып, адымдайды) (қарым-қатынас іс-әрекеті, дене тәрбиесі)		Сюжетті-рөлдік ойын. "Цирк". Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбеккорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-	Сюжетті-рөлдік ойын. "Туған күн". Мақсат-міндеттер. Балалардан "туған күн" ұғымын қалайша түсінетіндерін рөлдік арқылы анықтау; отбасыда туған күнді атау дәстүрі жайындағы білімдерін кеңейту; жақынына деген сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)

	іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)			әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	
Балалармен жеке жұмыс	Әмнржан Алихан Джамкулов Ержан Абдухами Ернур Серік Алан "Қағаздан бүктеу" жұмысы. Тақырыбы: "Піл". Мақсат-міндеттер. Жануарлардың пішіндерін қағаздан бүктеп жасауды үйрету. (жапсыру)	Абай Айназ Сағындық Ерсултан Бала тілін дамыту. "Жазда" (Рамазан Тышқанбаев) Шулы өзенге барайық, Орын таңдап алайық. Ақ сазанға ау құрып, Болат қармақ салайық. (қарым-қатынас іс-әрекеті)		Алтынбек Абдуғаппар Бекмұханбет Дария Бала тілін дамыту. "Жаз" (Ілияс Жансүгіров) Жерің анау, Жасыл жолақ кілемдей. Желің мынау, Жігіт айтқан өлеңдей. Көлің анау, Той ғып жатқан ауылдай. Күнің мынау, Елжіреген енеңдей. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Азамат Ұлықбек Берікқали Мадина "Жаз" мезгілі бейнеленген сюжетті суреттерді қарастыру. Сұрақтар қою және оларға толық жауап беру дағдысын бекіту. (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**Картотека №15**	**Картотека №11**		**Картотека №14**	**Картотека №12**
Балалардың үйіне қайтуы	«Мектепке дайынсыз ба?» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. Ата-аналарға кеңес. Баланың белсенділігі - оның денсаулығының кепілі.				